

Ә. БӨКЕЙХАНҰЛЫ АУДАРУЫНДАҒЫ А.П.ЧЕХОВТЫҢ “ХАМЕЛЕОН” ШЫҒАРМАСЫНА ҒЫЛЫМИ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

This scientific article is dedicated to determine the strategies and peculiarities in the translated version of Chekhov's story "Chameleon". The translation was done by A. Bokeykhanuly. The main objective is to identify the quality of translation (preservation of the communicative and expressional peculiarities of the original text) by using the method of comparison.

А.П.Чеховтың «Хамелеон» әңгімесі, 1884 жылы «Осколки» журналының №30 басылымында алғаш рет жарық көрген еді. Жазушылық атты сара жолға енді қадам басып келе жатқан жас Чеховтың дара жұмысы ретінде, бұл әңгіме көпшілік халыққа арнап жазылды. Қоғамдағы екіжүзді, өз пайдасы үшін дәл кесерткедей (Хамелеон) құбылатын ұсақ шенеуніктердің бейнесін автор шағын әңгіме арқылы жеткізуге тырысқан. XX ғасырдың басында, қазақ тарихындағы ұлы қайраткерлердің бірі Ә. Бөкейханұлы бұл шығарманы алғашқылардың бірі болып аударды. Мәтінде көтерілетін тақырып қай қоғамға болса да жат емес. Жоғары шенді шенеушіктердің көңілін табуды ойлап, өз мүддесі үшін ғана “еңбек ететін” бастықсымақтар қазақ қоғамында да жетерлік. Ендеше, аудармашының дәл осы шығарманы талдап алуы бекер емес. Бұл ғылыми жоба үшін дәл осы әңгіменің таңдап алыну себебі: біріншіден, әңгімеде қозғалатын тақырып бүгінгі қоғам үшін де өзекті, екіншіден, аударма ерекшеліктерін (автор стилінің сақталуы мен экспрессияның айшықты түрде берілуі) талдау арқылы, аударма сапасына мән беріп, аударума үрдісіне терең бойлау.

Аудармада, Ә. Бөкейханұлы қаламгердің авторлық стилін толығымен сақтауға тырысқан. Мысалы, түпнұсқада тәрізді, мәтін баяндау түрінде беріліп, полиглогтардан құралған; Чеховқа тән еркін құрылым мен қысқа да нұсқа сөйлемдер легі падаланылған; диалогтардың белсенді қолданылуының сақталуы әңгіменің экспрессиялық қасиетін дәл жеткізуге мүмкіндік берген.

Жұмыс нәтижелеріне сәйкес қорыта айтқанда, Ә. Бөкейханұлы аудару барысында автордың жеке ерекшеліктері мен рецепиент менталитетін, сол замандағы стандарттарға сай аударып, түпнұсқаның берер әсерін дәл беріп, ұтымды әрі салиқалы аударма жасағандығы көрсетілді. Бұл, қазақ аударма тарихы үшін, сонау Абай атамиздың дара жолын жалғастыру жолындағы үлкен қадамдардың бірі болғаны сөзсіз. Талдау жұмыстары қазақ тілінің байлығы мен әлемдік деңгейге көтерілуіне, өзге тілдермен терезесі тең екенін паш етіп, тілімізді әрі қарай дамытуға үлкен үлес қосары анық.